

"Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 16 шілдедегі № 492 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ережеде:

16-тармақта:

орталық аппараттың функцияларында:

48-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"48-1) Қазақстан Республикасының уран кен орындарын игеру жөніндегі орталық комиссия туралы ережені әзірлейді және бекітеді, ережеде оның қызметін ұйымдастыру, құрамы, жұмыс регламенті және іс қағаздарын жүргізу айқындалады;"

мынадай мазмұндағы 82-1) тармақшамен толықтырылсын:

"82-1) банктік салым кепілі шартын жасасу тәртібін және оның көмірсутектер мен уран өндіру саласындағы үлгілік нысанын әзірлейді және бекітеді;"

мынадай мазмұндағы 180-1) тармақшамен толықтырылсын:

"180-1) радиоактивті қалдықтарға нормативтерді белгілейді;"

мынадай мазмұндағы 423-1) тармақшамен толықтырылсын:

"423-1) мемлекеттік орган қабылдаған көмірсутектер және уран өндіру саласындағы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етулерді ұсыну және есепке алу тәртібін айқындайды;"

мынадай мазмұндағы 431-1) тармақшамен толықтырылсын:

"431-1) пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, жер қойнауы ресурстары залалын экономикалық бағалау әдістемесін әзірлейді және бекітеді;"

ведомствоның функцияларында:

28) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"28) радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында, оның ішінде радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеуге байланысты қызметке мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;"

мынадай мазмұндағы 23-1-тармақпен толықтырылсын:

"23-1. Аппарат басшысы аумақтық органдар басшыларының орынбасарларын лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.";

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

6-тармақ алып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Бұл ретте осы қаулының 1-тармағының тоғызыншы, оныншы, он алтыншы және он жетінші абзацтары 2021 жылғы 2 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес 2021 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК